

Аға оқытушы Е.О. Жуашев,
Ж. С. Тоқатаев, С. Абиров

Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті, Алматы қ.,
Қазақстан

Дзюдо тарландары

Дзюдодан ерлердің әлем чемпионаты 1956 жылдан бері үздіксіз өтіп келеді. 1964 жылы ол Олимпиада бағдарламасына қосылды. Содан бері төрткүл дүниенің апайтөс балуандары белдескен аса мәртебелі жарыстарда талай азамат-тың чемпиондық атаққа қолы жетті. Бірақ үлде мен бүлдеге оранғандар қатарынан ұзақ уақытқа дейін қазақстандықтарды көре алмадық. Жарайды, бұрындары Мәскеу бағымызды байлады дейік. Талай қандасымыз КСРО деңгейіндегі жарыстарда қарсылас шыдатпағанымен, халықаралық аренаға шыға алмады. Бір сөзбен айтсақ, қазақтың қайсар ұлдары «саяси ойынның құрбаны» болды.

Тоқсаныншы жылдардың басында Тәуелсіздіктің таңы атты. Бірақ көш бірден түзеле қоймады. Иә, құрлықтық деңгейдегі жарыстарда оза шапқандар болды. Азия ойындарында жүлдегер атанып, Азия чемпионатында жеңіске жеткендердің қатары қалың екенін мойындаймыз. Алайда бізді абыржытып, алаңдатқан мәселе басқа еді. Кеудесінде намысы бар әр азамат Алаш топырағынан Олимпиада ойындары мен әлем чемпионатында атой салуға жарайтын ұл шықпағанына күйінеді.

Ғасырлар тоғысында Айдын Смағұловтың айдарынан жел есті. Алакөлдің жағалауында асыр салып ойнап өскен қандасымыз 2000 жылы Сиднейде алауы тұтанған Олимпиада ойындарында қола медальді қанжығасына байлады. Осы орайда қазақтың бір текті ұланы халқын зор қуаныш пен қошеметке бөлегеніне қатты қуандық. Алайда бұл медаль біздің емес, қырғыздардың еншісіне бұйырған еді.

2001 жылы Германияның Мюнхен қаласында шымылдығы ашылған дүниежүзілік додада қазақтың қос өрені – Асхат Шахаров пен Асхат Житкеев көпшілікті тамсандырып, қола медальға қол жеткізді. Сөйтіп, спорттық тарихымыздың жаңа беті жазылды. 2008 жылы Бейжіңде алауы тұтанған Олимпиада ойындарында Асхат Житкеев ақтық сынға дейін алқынбай жетіп, күміс медальді мойнына ілді. 2008 жылы Голландияның Роттердам қаласында өткен байрақты бәсекеде Максим Раков әлем чемпионы атанды. Онымен қоймай, жасөспірімдер мен жастар буыны арасындағы дүниежүзілік деңгейдегі жарыстарда дара таланттарымен оқшауланған отандастарымыздың қатары қалыңдай түсті. Сөйтіп, бұрындары еңсесі төмен болған ел дзюдосы жаңа ғасырда жаңа белестерді бағындырды.

Бұл күндері дзюдо еліміздегі басым бағыттағы спорт түрлерінің бірі. Осы саланың тізгінін ұстаған Бекет Махмұтов ағамыздың да халықаралық

ұйымдағы беделі зор. Кезінде республикалық бокс федерациясын басқарған айтулы азамат жергілікті былғары қолғап шеберлерінің төрткүл дүниеде түбегейлі мойындалуына сүбелі үлес қосты. Махмұтов мырзаның тұсында Қазақстан құрамасы Олимпиадада үнемі үздік үш команданың қатарынан көрініп жүрді. Әлем чемпионаттарында да намыс туын жыққан кезіміз жоқ. Сол себепті жаңа қызметте де Бекет ағаның абыройға кенелетініне еш күмәніміз жоқ. Өйткені ол кісі қандай істі қолға алса да, оны дөңгелетіп әкететініне көпшіліктің көзін жеткізді.

Париждегі жарысқа Қазақстанның ерлер құрамасын Асхат Житкеев бастап апарды. Асхаттың мықты балуан болғанын жанкүйерлер жақсы біледі. Ол бозбала шағында-ақ көзге қырағы мамандардың назарына ілігіп, ересектер арасында ел чемпионы атанды. Араға жылдар салып, Олимпиада ойындары мен әлем чемпионатында жүлдегер болды. Бірнеше рет Азия чемпионатында қарсылас шақ келтірген жоқ. Азия ойындарында үш мәрте жүлдегерлер санатына қосылды. Биылғы жылдан бастап, жаттықтырушылық қызметке бет бұрған Житкеев бірден ұлттық құраманың тізгінін ұстады.

Әйелдер құрамасы ерлердікіндей ауыз толтырып айтарлықтай елеулі табыстарымен мақтана алмайды. Дегенмен де олардың да әлем чемпионатынан олжалы оралсақ деген үкілі үміті бар.

Мароккода дзюдодан жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатында Бекет Махмұдов тізгінін ұстаған қазақстандық татами шеберлері тұңғыш рет бір алтын, бір күміс жүлдеге ие болды. 55 келідегі Елдос Сметов ақтық сында жапон балуанын ұтып, әлем чемпионы атанса, 60 келі салмақтағы Ілияс Измагилов күміске қол жеткізді.

Франция астанасында дзюдодан әлем чемпионатында Қазақстан құрамасынан жалғыз өзі ғана барған қарағандылық палуан Максим Раков күміс жүлдеге қол жеткізді. 100 кг дейінгі салмақ дәрежесінде алғашқы бастапқы кездесулерде М. Раков есеп бойынша көршілес елдердің чемпиондары Рамзиддина Сайдов (Өзбекстан) пен Мухамадмурад Абдрахмановты басып озды. Қарағандылық палуан байқау иесі, 2010 жылғы әлем чемпионатының қола жүлдегері француз Тьерри Фабрмен белдесуде де сенімділік танытып, таза жеңіске жетті. Әрі қарай М. Раков бірқатар күш сынасуда чех Лукаш Крпалек пен Египеттің спортшысы Дарвиш Рамаданды жеңіп, алға шықты. Тек ақтық сында Максим Раков Ресей өкілі Тагир Хайбулаевпен кездесуде жеңіліс тауып, екінші жүлделі орынды қанағат тұтты.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жас Қазақ Ұлттық апталық басылымы
2. Егемен Қазақстан Жалпыұлттық Республикалық газеті